

Петуния - шырайгүл



Шырайгүл, петуния (лат. *Petunia*) – алқалар тұқымдасына жататын көп не бір жылдық шөптесін немесе бұта тәрізді аспалы өсімдіктер туысы. Өсімдігің *петуния* (порт. *petúnia*) атауы Бразилияның тупи-гуарани тіліндегі «petun», яғни «темекі, шылым» тіркесінен шыққан. Оңтүстік Американың тропикалық аймақтарынан тараған шырайгүлдің табиғи түрлері Бразилия, Боливия, Аргентина және Уругвайда өседі. 35 түрі белгілі. Биіктігі 20—30 см, кейде 60—70 см келеді. Бұл өсімдіктер жылу және жарық сүйгіш өсімдіктер. Оларды балкондарда, террасаларда, горшоктарда, жол жағалауында өсіруге пайдаланады. Шырайгүл күтім талғамайды және ұзақ гүлдеп тұрады. Сондықтан Оңтүстік Америкалық шырайгүл қала гүлзарларына сән беріп тұрады. Қазақстанда үлкен, түрлі-түсті әдемі гүлшанағы бар шырайгүлді қала көшелерін, саябақтарды, үйдің ауласы мен қылтималарды безендіру мақсатында отырғызады. Бұдан шырайгүлі қар түскенге дейін гүлдейді.



Көшеттерді сиретіп отырғызу.

Петунияның тұқымын еккен соң, егін көгі екі апта ішінде пайда болады. Көшеттерді сиретіп отырғызуды гүлдің алғашқы нағыз екі жапырақтары пайда болғанда жүргізеді. Таспаларды топырақ қоспасына толтырып, оған арнайы гүлді өсімдіктерге арналған тыңайтқыштарды бірден араластырады. Көшеттерді отырғызудан бір тәулік бұрын, таспаларды фунгицидтермен немесе марганец ерітіндісімен өңдейді. Әрбір таспаға бір-бірден петуния көшеттерін отырғызып шығады. Сосын, суару жұмысын жүргізеді. Көшеттерді отырғызып болған соң. Оның бетін шамадан тыс жарықтанудан сақтау мақсатында бір тәулікке қаулап қояды. Бір тәуліктен соң бетін ашып, барынша жарықтануын қамтамасыз етеді.



Күтімі

Петуния құрғақшылыққа төзімді келеді, дегенмен суарып тұруды көп қажет етеді. Тым ылғалды топырақтарды жақсы көтереді, бірақ тоқыраудан зардап шегеді. Ірі күлтелі гибридтері ұсақ күлтелі формаларына қарағанда жылуға талапшыл келеді. Топыраққа талғамы бойынша құнарлылығы жоғары құмдақ, сазды топырақтарда жақсы өседі. Топыраққа компоспен байыта түссе, оның өнімділігі жоғарылайды.

Үстеп қоректендіру – гүлдің ауқымды әрі ұзақ мерзімде гүлдеп тұруының кепілі саналады. Сондықтан да үстеп қоректендіруді өсіп-дамуының барлық сатыларында жүйелі түрде жүргізіп отыру қажет. Бірінші қоректендіру, гүлдің 2-3 жапарақтары пайда болғанда жүргізіледі. Жапырақ массасының ұлғаюы үшін азотпен дәрумендерге бай тыңайтқыштар қолданылады. Жылыжай жағдайында қосымша жарықпен қамтамасыз етуді талап етеді. Органикалық және кешенді тыңайтқыштарды гүлдену фазасы аяқталғанша беруді жалғастырып отырады. Тамыр жүйесінің жақсы дамуы үшін калий тыңайтқыштары қолданылады.



Гүлге ең үлкен қатер – жаңбыр мен жел болып саналады. Себебі, қатты жауын жауған күндері гүлдің күлтелерін құртып, біріншіден сәнін кетіреді және өсімдіктің өзі ұнамсыз болып қалады. Тоқтаусыз жауын, оның әрі қарай гүлдемеуіне алып келуі мүмкін.

Ландшафты дизайнда қолданылуы

Петуния жоғары және төмен (-3°C) температураларды жақсы көтеретіндігімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда, бір жылдық гүлді өсімдіктердің қолданылуы бойынша петуния бірінші орынға ие. Селекционер ғалымдар дәл осы гүл түрінің оның жаңа сорт пен гибридтерін шығаумен қызыға айналысады. Бұл гүлдің шыққан орталығы Оңтүстік Америка, сол аймақтың ыстық ауасына бейім петуния, қала көшелерінде сәндік мақсатта қолданылатын ең басты материал.











*Назарларыңызға
рахмет!!!*